




# Әбілқайырханның кіші жүзге қосылуы





Біріншіден, Кіші жүз қазақтары Ресейге адал қызмет етуге және башқұрттардың үлгісі бойынша мұқият жасақ төлеп тұруға міндетті болды.

Екіншіден, Ресейдің қол астындағы өзге халықтардың тарапынан қазақтарға шабуыл жасауға тыйым салынуы тиіс болды.

Үшіншіден, қазақтарға олардың жаулары шабуыл жасай қалған жағдайда Ресей қазақтарды қорғауға міндеттенді.

Төртіншіден, Әбілқайыр Ресейдің қол астындағы халықтардан алынған тұтқындарды қайтаруы, ал қалмақтармен және башқұрттармен тату-тәтті бейбіт жағдайда өмір сүруі тиіс болды.

Алайда содан көп кейінгі оқиғалар ол шарттардың бірде-біреуін екі жақтың да орындамағанын көрсетті. Екі жақ та өздерінің пайдаларын көздеумен болды. Империяның қол астына қараудың жалған сипаттары ғана орын алды.











- Патша үкіметінің Қазақстандағы жағдайының одан әрі нығаюы
- Әбілқайыр Ресейдің қол астына өткеннен кейін тап сондай әрекетке қазақтардың басқа да бірқатар билеушілері бара бастады. Бейне бір тізбекті реакция сияқты құбылыс пайда болды. Оның үстіне, Ресейдің қол астына өту бәлендей міндеттер жүктей қоймайтын еді.
- Патша үкіметі қазақтардың билеушілеріне ірі-ірі сыйлықтар берді. Әрбір шекаралық бекініске қазақтардың ақсүйектеріне «қолдау көрсету үшін» едәуір мөлшерде ақшалай қаражат бөлінді. «Орта жүздің» және Орта Азияның басқа да халықтары хандарының Ресейді қол астына өтуіне Әбілқайырдың тигізген ықпалы мен атқарған рөлі күшті болды.
- Ол ара ағайындық қызмет атқарды, ал патша үкіметі түрлі сыйлықтар жасауға, ақшалай және азық-түлік жағынан көмек көрсетуге сараңдық жасамады. Қазақтар Ол ара ағайындық қызмет атқарды, ал патша үкіметі түрлі сыйлықтар жасауға, ақшалай және азық-түлік жағынан көмек көрсетуге сараңдық жасамады. Қазақтар шекаралық шептерде айырбас түріндегі сауда жасауға мүдделі болды. Ресейдің қол астына өту олардың қысқы уақытта шекара шебінің ішкі жағына өтіп, уақытша тұрақтауына мүмкіндік беретін еді. Ресей өзінің қол астына өткен хандықтардың ешқайсысының ішкі істеріне де, сыртқы істеріне де қол сұғып араласпады.



## Кіші жүз қазақтарының Ресей жеріне өту салдары

- **Кіші жүз** Кіші жүз бен **Орта жүз** қазақтарының бір бөлігінің Ресейдің қол астына өтуінің, негізінен алғанда, ұзаққа созылған келеңсіз салдарлары болды. Қазақ халқы бірте-бірте өз тәуелсіздігінен айырыла бастады. Патша үкіметі хандар мен сұлтандарды уақыт өткен сайын өзінің бір айтқанды екі етпейтін тәртіпті шенеуніктерге айналдырып алды.
- Патша үкіметі жалпықазақтық хандықтың болуын танудан саналы түрде қасақана бас тарту арқылы Қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығын бұзып, бірлігін ыдырата бастады. Іс жүзінде қазақтардың билеушілерімен ешқандай келісіп алмай-ақ, қазақ-орыс шекарасының бүкіл өн бойына *әскери бекіністер, қамалдар, далалық шағын бекіністер* салуды үсті-үстіне үдете берді.
- Жайылымдық жерлердің тарыла түсуі мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардың шаруашылық негізін елеулі түрде шайқалтты. Жұт болған жылдары қазақтардың мал басын аман сақтап қалуы үшін шекара шебіндегі аймақтарға көшіп баруына рұқсат етілмеді.
- Қазақстанның Ресейдің ықпалына енуі кейінгі жылдары қазақтардың **Орта Азия** Қазақстанның Ресейдің ықпалына енуі кейінгі жылдары қазақтардың Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасының едәуір нашарлап кетуіне әкеп соқтырды. Хиуа мен Бұхардың әскерлері **Оңтүстік Қазақстанның** қазақтарына оқтын-оқтын жорық жасап тұрды, алым-салық төлетті. Сонымен қатар Ресей мен Қазақстанның екі арасындағы сауда қатынастарының күшейе түсуі едәуір оңды сипат алды



A portrait of Abilkayir Khan, a Kazakh ruler. He is depicted from the chest up, wearing a brown fur hat and a red tunic with gold embroidery. He has a mustache and a serious expression. He is holding a sword in his right hand. The background is dark.

(1693—1748)

**ӘБІЛҚАЙЫР  
ХАН**









- **Жоңғариямен** Жоңғариямен ұзаққа созылған аса ауыр соғыста қазақ жасақтары тамаша жеңіске жеткенімен ол табыс баянды бола қоймады. **Қазақ хандары** Жоңғариямен ұзаққа созылған аса ауыр соғыста қазақ жасақтары тамаша жеңіске жеткенімен ол табыс баянды бола қоймады. Қазақ хандары мен сұлтандарының тақ таласына байланысты алауыздығы салдарынан бұл күреске **Ресей империясы** да тартылды.
- Ресей қалайда **Қазақстанды** Ресей қалайда Қазақстанды өзіне қосып алуды көксеп, қолайлы кезенді күтумен болды. **Әбілқайыр** Ресей қалайда Қазақстанды өзіне қосып алуды көксеп, қолайлы кезенді күтумен болды. Әбілқайыр қазақ хандығында жеке өз билігін нығайту жолдарын жатпай-тұрмай тынымсыз іздестіре бастады. **Кіші жүздің** ханы Ресей мемлекетінің қолдауына сүйенуге бел буды. Бұл ретте оның жеке басының қадір-қасиеті де шешуші рөл атқарды.
- Әбілқайыр Жоңғариямен соғыс қызу жүріп жатқан **1726** жылдың өзінде-ақ Ресейге елші жіберіп, оның қол астына өту туралы өтініш білдіру арқылы әрекет жасап көрген болатын. Бұл өтінішті елші Қойбағар жеткізген еді. Алайда ханның өтініші ол жылы жауапсыз қалдырылды. **1730** жылы Кіші жүздің билері ханға Ресеймен әскери одақ жасасуды ұсынды. Алайда Әбілқайыр өз уәдесінде тұрмай, Ресеймен келіссөз мүлде басқаша сипат алды. Ресейдің өкімет билігімен неғұрлым жақын бола түсу мақсатымен **1730** жылғы қыркүйек айында Әбілқайырдың батыр **Сейіткүл Қойдағұлұлы** мен би **Құтлымбет Қоштайұлы** бастаған елшілігі Кіші жүзді Ресейдің қарамағына алу туралы императрица **Анна Иоанновнаның** атына жазылған өтінішті табыс ету үшін **Санкт-Петербург/Петербургке** келді. Бұл жолы Әбілқайырдың елшілігіне зор құрмет көрсетіліп, ол үлкен ықыласпен қарсы алынды. Ресей үшін Кіші жүзді **империяның** құрамына қосып алудың ең қолайлы сәті туды. Бұған дейін Ресейдің құрамына ***Еділ қалмақтары, Кабардин князьдігі*** қосылған болатын.